

"Дене шынықтыру және спорт азаматтық қызметшілеріне еңбек жағдайлары үшін қосымша ақыларды төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 438 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының 2013 жылғы 20 желтоқсандағы № 476 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 17 қаңтарда № 9071 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 29 маусымдағы № 190 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 29.06.2016 № 190 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 8-бабының 3) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН.**

1. «Дене шынықтыру және спорт азаматтық қызметшілеріне еңбек жағдайлары үшін қосымша ақыларды төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 438 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 8274 тіркелді, 2013 жылғы 17 шілдедегі № 234 (27508) «Қазақстанская правда», 2013 жылғы 17 шілдедегі № 172 (28111) газеттерінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Дене шынықтыру және спорт азаматтық қызметшілеріне еңбек жағдайлары үшін қосымша ақыларды төлеу қағидаларында :

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Қосымша ақыны төлеу алынған нәтижелердің пайызға шаққандағы жалпы мөлшерінің мынадай пайызында жүргізіледі:

«басшыға – 80% бастап 100%-ға дейін;

басшының орынбасарына – 70% бастап 90%-ға дейін;

команда менеджері, аға жаттықтырушы, аға әдіскер, әдіскер, нұсқаушыға – 80% бастап 100%-ға дейін;

басшы (бөлімше, бөлім басшысы), психолог, тәрбиеші, хореограф, аккомпаниатор, дәрігер, массаж жасаушы, лаборант, ғылыми қызметкер, бухгалтерге – 50% бастап 80%-ға дейін;

зоотехник, мал дәрігері, ат бағушы, әбзелші, атшы, инженер, техник, механик, мылтықшы, қайраушы, майлаушы, спорттық команданы тасымалдаушы автобус, микроавтобус жүргізушісіне – 50% бастап 70%-ға дейін; спорт ғимаратының меңгерушісі, лаборант, медбике, операторға – 30% бастап 50% - ға дейін » .

2. Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің Стратегиялық даму департаменті (Д.Ү. Қамзебаева):

1) заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуге ұсынсын;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін оны бұқаралық ақпарат құралдарында және Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің интернет-ресурсында ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі Төрағасының орынбасары Е.Б. Қанағатовқа жүктелсін .

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
С п о р т ж ә н е д е н е ш ы н ы қ т ы р у
істері агенттігінің төрағасы Т. Есентаев